



С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың «Айна» галереясында павлодарлық суретші-педагог Елена Юминованың жеке көрмесі ашылды. Онда суретшінің шығармашылық ізденісін түрлі қырынан көрсететін 40-қа жуық жұмыс бар.



Қылқаламның күдіреті

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ

Көрмеге қойылған жұмыстардың қатарында акварель және майлы бояумен салынған академиялық көркемсурет, қарындашпен және көмірмен бейнеленген суреттер бар. Келушілердің назарын тегістелмеген жібекке акрилмен майда моншақтарды кестелеп тігіп, коллажбен біріктірген кескіндемелер топтамасы ерекше аударды. Сонымен қатар, макраме техникасымен тоқылған, майда моншақтармен және крестпен кескінделіп тігілген кокишниктер де бірден көз тартады.

- Жеке көрмеге суреттерімді ғана емес, өзім жасап шыққан ерекше сәндік-қолданбалы бұйымдарымды да қоюды жөн көрдім. Мұндағы әрбір моншақты бір-бірімен сәйкестендіріп тізу, бейнелерді салу өте көп уақыт пен үлкен төзімді қажет етеді, - дейді Елена Ивановна.



Көрмеден ерекше әсер алған суретшінің әріптестері оның өнеріне оң бағасын беріп, автордың шығармашылық ізденісіне тоқталды.

Елена Юминованың жеке көрмесі 31 шілдеге дейін жұмыс істейтінін естеріңізге саламыз.